

ӘЛ-ФАРАБИ атындағы ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ  
КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ имени АЛЬ-ФАРАБИ

Халықаралық қатынастар факультеті  
Факультет международных отношений  
Қазіргі юдқытайды зерттеу орталығы  
Центр исследования современного Китая

---

## ҚЫТАЙ МЕН ОРТАЛЫҚ АЗИЯ ЕЛДЕРІ ҚАТЫНАСТАРЫ: ТАРИХЫ МЕН БОЛАШАҒЫ

Тарих ғылымдарының докторы, профессор Н.МҰҚАМЕТХАНҰЛЫНЫҢ  
60 жылдық мерейтойына арналған халықаралық ғылыми-тәжірибелік  
конференция материалдарының жинағы

14 мамыр 2014 ж.

## ОТНОШЕНИЯ КИТАЯ СО СТРАНАМИ ЦЕНТРАЛЬНОЙ АЗИИ: ИСТОРИЯ И ПЕРСПЕКТИВЫ

Сборник материалов международной научно-практической конференции,  
посвященной 60-летию юбилею доктора исторических наук,  
профессора НАБИЖАН МУКАМЕТХАНУЛЫ

14 мая 2014 г.

Алматы  
«Қазақ университеті»  
2014

МАЗМҰНЫ  
СОДЕРЖАНИЕ

ҒЫЛЫММЕН ӨРІЛГЕН ӨМІР

<b>Байзакова Қ.Е.</b> Ұстаз, ғалым Нәбижан Мұқаметханұлының өмір жолы мен ғылыми жетістіктері	3
<b>Сұлтан Жанболатов.</b> Нәбижан Мұқаметханұлы – бітімі асыл, деңгейі биік ғалым	6
<b>Жақып Мырзаханұлы.</b> Ғылым шыңына қол созған ғалым	9
<b>Раев Д.С.</b> Н.Мұқаметханұлының ғылыми зерттеулеріндегі хан Абылайдың дипломат-саясаткерлік тұлғасы	12
<b>Зардыхан Қинаятұлы.</b> Қытай жылнамаларынан түркі-қазақ тарихының маржанын сүзіп жүрген тарихшы	15
<b>Төлебаев Т.Ә.</b> Зерттеу ауқымы кең, қабылеті жоғары тарихшы	20
<b>Боранбаева Б.С.</b> Ел үшін еңбек етудің биік үлгісін жасаған ғалым	25
<b>Құрмет Қабылғазыұлы.</b> Өнеге	27

ҚЫТАЙ ЖӘНЕ ОРТАЛЫҚ АЗИЯ: ТАРИХЫ МЕН БҮГІНІ  
КИТАЙ И ЦЕНТРАЛЬНАЯ АЗИЯ: ИСТОРИЯ И СОВРЕМЕННОСТЬ

<b>Нұрлан Кенжеахмет.</b> Қазақ этнонимінің Мин патшалығы тұсындағы қытай деректемелерінде алғаш жарыққа шығуы	31
<b>Кожирова С.</b> Из истории российско-китайской торговли в Центральной Азии	33
<b>Сутеева Х.А.</b> Политика царской России в отношении событий в западной части Цинской империи в 60-80 гг. XIX в. (по материалам Архива внешней политики России)	39
<b>Мұқаметханұлы Н., Иماش Д.М.</b> Кеңестік Қазақстан мен Қытайдың Шыңжаң өлкесі арасындағы байланыстар (XX ғ. бірінші жартысы)	44
<b>Байдаров Е.У.</b> Китай и государства Центральной Азии: новые возможности взаимовыгодного сотрудничества	49
<b>Мырзабеков М.С., Серікқызы А.</b> Қытай Халық Республикасының Ресей Федерациясымен қарым-қатынасындағы американдық фактор	52
<b>Мажикқызы Н., Аширбекова Қ.С.</b> XX ғ. 30-40-шы жылдардағы Қытайдың Шыңжаң өлкесіндегі әлеуметтік-саяси жағдай және Нығмет Мыңжани	54
<b>Шарыпқазы Н.</b> Қазақстан мен Қытайдың білім саласындағы байланыстары	57
<b>Алипқызы Р.</b> Казахстанско-Китайское сотрудничество: культурный аспект	61
<b>Досымбекова Р.Ө.</b> Қытай тіліндегі қасиетті «тоғыз» санының тарихы	64
<b>Жұмағұлов Қ.Т.</b> Ғұндар және Еуразия тарихы	67
<b>Қарасаев Ғ.М.</b> Семей қаласының негізделуі және XVIII-XX ғасыр басы мерзіміндегі орталық азиядағы саяси, шаруашылықтық, сауда қатынастарындағы орны сол мерзімдегі ресейлік жазба деректерінде	70
<b>Тоқтабай А.</b> Қытай қазақтарының төбет ит тұқымын жаңғырту, өсіру және қазіргі заманға пайдалану тәжірибесі	78
<b>Баймағамбетова Л.К., Сарсенбаев М.М.</b> Роль странового брендинга в популяризации истории Казахстана	81

**ҚАЗІРГІ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАТЫНАСТАРДЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ**  
*АКТУАЛЬНЫЕ ПРОБЛЕМЫ СОВРЕМЕННЫХ МЕЖДУНАРОДНЫХ ОТНОШЕНИЙ*

<b>Қожахметұлы К., Андижанов А.Т.</b> Проблемы оборонного сектора КНР (1949-1959)	86
<b>Губайдуллина М.Ш.</b> Китайский вектор в Европейской стратегии развития отношений с Азией	90
<b>Алдабек Н.А., Сериккалиева А.Е.</b> «Новая дипломатия Китая» и Шанхайская Организация Сотрудничества	94
<b>Макашева К.Н.</b> ШОС и вопросы формирования Энергетического клуба	97
<b>Идрышева Ж.Қ., Ж.Бекетан, Жақитова М.Қ.</b> XX ғасырдың соңғы он жылдығындағы Қытай мен Ресей арасындағы энергетикалық саладағы ынтымақтастық	102
<b>Смағұлова К.Қ.</b> Қытайдың Шыңжаңдағы аз ұлттарға ұстанатын саясаты	108
<b>Акатаева А.А., Zhakenov D.</b> China and US relations at present international relations	110
<b>Күзембаева А.Б., Ұзақбаева Г.</b> НАТО және ШЫҰ: тоғысу нүктесі	117
<b>Жұматай Ғ.Б.</b> Қытайдың демографиялық саясаты және оның халықаралық қатынастарға ықпалы	119
<b>Ташметова Р.С.</b> Тәуелсіз Қазақстан мен Қытай Халық Республикасы арасындағы дипломатиялық қатынастың қалыптасуы	126
<b>Ibraemova E.B., Rakhimbaeva R.M.</b> Kazakhstan and China: current position of affairs	128
<b>Қожахметұлы К.</b> Казахстан: проблема воды и национальная безопасность	130
<b>Байзакова К.Е., Кызылбаева Ж.С.</b> Ұжымдық қауіпсіздік жөніндегі келісім-шарт ұйымына мүше елдерінің ұлттық мүдде аясындағы стратегиялары	132
<b>Мұқаметхан Н, Мырзақімова Т.</b> Пәкістан сыртқы саясатының қалыптасу факторлары	138
<b>Макашева К.Н., Тауасарова Ж.Ә.</b> XXI ғасырдағы Еуразиялық идея және Қазақстанның даму мүмкіндіктері	142
<b>Мовкебаева Г.А.</b> Стратегия обеспечения энергетической безопасности Европейского Союза	145
<b>Қожахметұлы К., Батырбекова А.</b> Жапонияның қазіргі кезеңдегі саяси дамуының ерекшеліктері	150
<b>Kukeeva F.T., Sembekov N.</b> The role of university cooperation programme on providing humanitarian aids the case of the former Yugoslavia	154
<b>Ауган М.А., Малгунусова А, Садыков А.</b> Борьба с религиозным экстремизмом и терроризмом: опыт Казахстана	159
<b>Chukubayev E.S., Kanaliyeva R.S.</b> The threat of industrial espionage and information protection between Asia-Pacific Region and US	162
<b>Мырзабеков М.С.</b> Дүниежүзілік сауда және АКТ елдерінің Доха келіссөздеріндегі позициялары	166
<b>Әліпбаев А.Р., Бөжеева Б.З.</b> Дарфур қақтығысының шығу себептері және шешілу мүмкіндіктері	172
<b>Исова Л.Т.</b> Түркі әлемінің көшбасшысы Мұстафа Кемал Ататүрік көзқарасындағы жастар бағдарламасының өміршеңдігі	175
<b>Кульбаева А.Т.</b> Проблема 2014: казахстанский вектор	177
<b>Chukubayev E.S., Kenzhegulov K.S.</b> International terrorism as a crime against the peace and security of humanity	180
<b>Кошербаев Ж.Д.</b> Казахстанско-российское сотрудничество в атомной энергетике в контексте евразийской интеграции	183
<b>Мырзабеков М.С., Айдабосын С.</b> Қазақстан мен Қырғыз Республикасы арасындағы сауда-экономикалық байланыстардың саяси-құқықтық астарлары	186
<b>Әліпбаев А.Р., Әби Ж.</b> Қазақстан мен Ресей арасындағы трансшекаралық өзендер мәселесі	188
<b>Балаубаева Б.М., Әмірқұлова А.А.</b> Оңтүстік-Шығыс Азиядағы қытай миграциясы	192
<b>Шкапяк О.</b> Политика России в Центральной Азии в области безопасности: исторический аспект	196
<b>Момынкүлов Ж., Құрманкүлов М.</b> Сириядағы қарулы қақтығыстың қазіргі ахуалы	199
<b>Малбаков Д.</b> Влияние внешних центров сил на процесс трансформации в Восточной Европе	201

<b>Макашева К.Н., Каримсаков А.О.</b> Еуропалық Одақтың ортақ сыртқы саясатындағы дағдарысы (Ливия тәжірибесі)	205
<b>Деловарова Л.Ф.</b> Шанхайской организации сотрудничества некоторые аспекты развития сотрудничества в сфере регулирования миграционных потоков в рамках	209
<b>Абдыхалықов Қ.С.</b> Тибет және Шыңжан жеріндегі Қытай мен Үндістан арасындағы шекаралық мәселелер	210

### **ӘЛЕМДІК ЭКОНОМИКАНЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ** *АКТУАЛЬНЫЕ ПРОБЛЕМЫ МИРОВОЙ ЭКОНОМИКИ*

<b>Аубакирова А.А.</b> Геополитическое и экономическое сотрудничество Казахстана и Китая	216
<b>Изимов Р.Ю.</b> Торгово-экономические аспекты сотрудничества Казахстана и Синьцзяна	219
<b>Медуханова Л. А.</b> Инвестиции Китая в несырьевой сектор экономики Казахстана: современные направления и перспективы	222
<b>Омарова М.А.</b> Орталық Азия елдерінің экономикасына бағытталған Қытай инвестициялары	226
<b>Иембекова М.О.</b> Шанхай ынтымақтастық ұйымы аясындағы Қытайдың экономикалық мүддесі	230
<b>Чжан Юйянь</b> Благоприятные условия сотрудничества Китая и Казахстана в строительстве Экономического пояса на Шелковом пути	233
<b>Мұқаметханұлы Н., Рахымұлы А.</b> Қытайдың Дүниежүзілік сауда ұйымындағы тәжірибесі	237
<b>Елемесов Р.Е., Машымбай С.Н.</b> Казахстан в Таможенном Союзе: противоречия и перспективы развития	243
<b>Байгісіев М.К.</b> Мемлекет пен рынок арақатысы туралы теориялар	245
<b>Байгісіев М.К., Оспанбаев Ж.А.</b> Адами капитал теориясының эволюциясы	248
<b>Ондаш А.</b> Қазақстан экономикасының индустриялық-инновациялық даму теориясы мен тәжірибесін талдау	251
<b>Момынқұлов Ж.Б., Есбаева А.Х.</b> Еуразия экономикалық одағына реалисттік талдау	254

### **ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚҰҚЫҚТЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ** *АКТУАЛЬНЫЕ ПРОБЛЕМЫ МЕЖДУНАРОДНОГО ПРАВА*

<b>Аюпова З.К., Кусаинов Д.У.</b> К истории становления таможенного дела как основы укрепления экономической политики казахстанско-китайских отношений	257
<b>Самалдыков М.К.</b> Антитеррористический потенциал ШОС	263
<b>Айдарбаев С.Ж., Оңғаров Ә.А.</b> Халықаралық шарт жасау үдерісінің басталуы	267
<b>Досымбекова М.С., Карабалаев К.</b> Международно-правовые и национально-правовые основы ответственности за нарушение режима государственной границы Республики Казахстан	269
<b>Машимбаева Г.А., Мухаметкалиева А.М.</b> Правовые последствия предстоящего вступления Республики Казахстан во Всемирную Торговую Организацию для Таможенного союза	272
<b>Айдарбаев С.Ж., Аширов С.</b> Хельсинки үдерісі басталуының тарихи және саяси қырлары	275
<b>Сайрамбаева Ж.Т., Момбаев С.Т.</b> Еуропалық Одақтың білім беру қызметінің даму тарихы	278
<b>Ергобек Ш.К., Алтаева К.Ж.</b> Опыт применения правил по оценке ущерба природной среде в развитых странах: проблемы теории и практики	283
<b>Ахатов У.А., Ондашұлы Е.</b> Түркістан АССР-інің алғашқы конституциясының саяси және құқықтық ерекшеліктері	286
<b>Жунисов Ж.С.</b> Еуразиялық экономикалық қауымдастыққа мүше мемлекеттердің ұлттық заңнамаларын гармонизациялау	289
<b>Даркенбаев А.И., Дауренбекова А.</b> Бұқаралық ақпарат құралдары саласындағы халықаралық құқықтың өзекті мәселелерінің негізгі қырлары	291
<b>Машимбаева Г.А., Сагимульдина Н. Т.</b> Правовой статус органов наднационального строительства: Европейская Комиссия и Евразийская Экономическая Комиссия	294
<b>АВТОРЛАР ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТ</b>	297

Параграф 165 Доклада Рабочей группы устанавливает, что согласно Договору об обращении в Суд ЕвразЭС хозяйствующих субъектов по спорам в рамках Таможенного союза и особенностям судопроизводства по ним [6] "хозяйствующие субъекты государств - членов Таможенного союза и третьих стран имеют право на обращение в Суд ЕвразЭС в целях оспаривания актов Комиссии Таможенного союза... и оспаривания действий (бездействия) Комиссии Таможенного союза". При этом упоминается, что "основанием для оспаривания актов Комиссии Таможенного союза либо отдельных их положений, действий (бездействия) Комиссии Таможенного союза является их несоответствие международным договорам, заключенным в рамках Таможенного союза", т.е. в том числе Договору о функционировании Таможенного союза в рамках многосторонней торговой системы, который, как показано выше, имплементировал Соглашение ВТО, к которому присоединяется Россия.

Исходя из изложенного Доклад Рабочей группы не исключает возможности принесения хозяйствующими субъектами исков в суды Российской Федерации и/или в Суд ЕвразЭС на основании Соглашения ВТО, что создает простор для дискуссии о возможном прямом действии соглашений ВТО в рамках российской правовой системы ("органы судебной власти Российской Федерации будут толковать и применять его положения"), а также договорно-правовой базы Таможенного союза («хозяйствующие субъекты могут обращаться в Суд ЕвразЭС с заявлениями о нарушении условий»)

Данные вопросы, без сомнения, приобретают все возрастающую практическую значимость, поскольку, как отмечают многие эксперты, вступление России в ВТО даст определенный толчок в переговорах по присоединению к ВТО других участников Таможенного Союза. Это значит, что еще ярче проявится необходимость гармонизации внутреннего законодательства данных государств и приведения права Таможенного Союза в соответствие с системой соглашений ВТО. Резюмируя, можно сказать, что: несмотря на дуалистический подход, в соответствии с которым соглашения системы ВТО и соглашения, подписанные в рамках региональных интеграционных объединений, обладают одинаковой юридической силой, соглашения, заключаемые в рамках Таможенного союза не только включают в себя право ВТО как неотъемлемую часть, но и предусматривают приведение всех соглашений в соответствие с ним.

1. Федеральный закон от 21.07.2012 N 126-ФЗ «О ратификации Протокола о присоединении Российской Федерации к Марракешскому соглашению об учреждении Всемирной торговой организации от 15 апреля 1994 г.» // СПС «КонсультантПлюс».

2. Bhala R. International trade law: theory and practice. 2nd ed. Lexis Publishing, 2001. Part III.

3. Nikolaos Lavranos. The Brazilian Tyres Case: Trade Supersedes Health. Trade, Law and Development. Vol 1. N 2 (2009). <http://www.tradelawdevelopment.com/index.php/tld/article/view/1%282%29%20TL%26D%20231%20%282009%29/24.29.10.2010>. P. 17, footnote omitted.

4. Согласно параграфу 1450 Доклада Рабочей группы. Здесь и далее по тексту используется перевод Доклада Рабочей группы, опубликованный на сайте Министерства экономического развития РФ. URL: <http://www.economy.gov.ru/minec/activity/sections/for-eigneconomicactivity/wto/indexdocs>.

5. Договор о функционировании Таможенного союза в рамках многосторонней торговой системы от 19 мая 2011 г. N 87, принят решением Межгосударственного совета Евразийского экономического сообщества. Подписан 19.05.2011 в г. Минске. Ратифицирован Федеральным законом от 19.10.2011 N 282-ФЗ "О ратификации Договора о функционировании Таможенного союза в рамках многосторонней торговой системы".

6. Договор об обращении от 9 декабря 2010 г. N 534 в Суд Евразийского экономического сообщества хозяйствующих субъектов по спорам в рамках Таможенного союза и особенностях судопроизводства по ним принят решением Межгосударственного совета Евразийского экономического сообщества.

**С.Ж.Айдарбаев, С.Аширов**

*Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университеті, Алматы, Қазақстан*

## **ХЕЛЬСИНКИ ҮДЕРІСІ БАСТАЛУЫНЫҢ ТАРИХИ ЖӘНЕ САЯСИ ҚЫРЛАРЫ**

Еуропадағы қауіпсіздік мәселесіне байланысты Хельсинки үдерісінің басталуына қатысты тарихи және саяси мәселелері қазіргі Азиядағы халықаралық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге ұмтылу жағынан белгілі бір тәжірибелік маңызға ие. Сондықтан оның қыры мен сырын жетік зерттеп білудің тек теориялық ғана емес, тәжірибелік те мағынасы бар.

Көп зерттеушілердің пікірі бойынша, Еуропадағы барлығын қамтитын қауіпсіздік жүйесін қамтамасыз ету идеясы көптеген соғыстар тарихының нәтижесі ретінде туындаған. Қазіргі жалпы еуропалық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы кейбір ережелер алғашқы рет 1814-1815 жылдардағы Вена конгресі барысында талқыланған болатын. Олар 1815 жылы Қасиетті одақты құру арқылы көрініс тапқан еді, өйткені оның басты мақсаты қалыптасқан тәртіптің мызғымастығы мен тұрақтылығын сақтау болатын [1].

Еуропадағы қауіпсіздік жүйесін құру бойынша келесі талпыныс 1919 жылы Ұлттар Лигасын құру арқылы көрініс тапты. Бұл ұйым халықаралық қатынастардағы еркіндік пен бостандық лебін бірінші рет сездірді және құпия келісім-шарттарынан бас тарту мен ашықтыққа, сондай-ақ халықаралық қатынастардағы қайшылықтарды бейбітшілік құралдары арқылы шешуге шақырды. Алайда, агрессияға тосқауыл қоюдың нақты тетіктерінің болмауы және соның салдарынан Екінші дүниежүзілік соғыстың басталуы Ұлттар Лигасының ыдырауына алып келді [2].

Екінші дүниежүзілік соғыстағы материалдық залал мен орны толмас адам шығындары бейбітшілікте сақтаудың нақты тетігін құру қажеттілігін сездірді. Бұл идея Жарғысы 1945 жылы қабылданған Біріккен Ұлттар Ұйымының құрылуына түрткі болды. БҰҰ-ны құрған кезде Ұлттар Лигасының көптеген идеялары қолданылды. Нәтижесінде әлем ұжымдық қауіпсіздік жүйесінің негізі бола алатын әмбебап халықаралық ұйымға қол жеткізді [3].

Еуропадағы қауіпсіздік саласындағы диалогты сақтау бойынша ұсыныстар ЕҚЫК (СБСЕ) құрылғанша тоқтаған емес. Кеңес Одағы Варшава Келісім-шарты Ұйымының құрылуына дейін-ақ, 1954 жылдың басында өткен КСРО, АҚШ, Англия және Франция сыртқы істер министрлерінің Берлиндегі кеңесуінде Еуропадағы қауіпсіздік жүйесін ұжымдық уағдаластық негізінде құруды ұсынған еді. Мұндай жүйеге қоғамдық құрылымына қарамастан Келісім-шартпен козделген міндеттемелерді қабылдауға дайын және оның мақсаттарын мойындайтын кез келген еуропалық мемлекет бола алады деп болжанған. Бірақ екі германдық мемлекеттің болуы, 1961 жылдың тамыз айында Берлин қорғанын құру және КСРО мен АҚШ-тың тоқталмаған теке-тіресі бұл бастаманы жүзеге асыруға кедергі болды.

Еуропалық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге бағытталған жолдағы келесі жеке 1966 жылдың шілде айында өткен Варшава Келісім-шартына қатысушы елдердің Саяси кеңесу комитетінің Бухаресттегі кеңесуі болды. КСРО шығыс социалистік елдері тобымен бірге мемлекеттердің әлеу-меттік құрылымына қарамайтын еуропалық қауіпсіздікке байланысты ұзақ мерзімді уағдаласулар жүйесін құру бойынша жетекші еуропалық елдерге ұсыныс жасады. Жалпы еуропалық кеңесуді шақырту Еуропадағы қауіпсіздікті қамтамасыз етудегі нақты қадам ретінде қарастырылды және Варшава Келісім-шартына қатысушы елдер кез келген мүдделі мемлекеттің ұсыныстарын қарас-тыруға дайын екендігі мәлімделді [4].

1969 жылдың наурыз айында Бухарест декларациясына қол қойған социалистік елдердің өкілдері Будапешт қаласында жиналып, барлық еуропалық елдерді Жалпы еуропалық кеңесуді шақыртуға іс жүзінде дайындалуға шақырды. Солтүстік Атлантика Келісім-Шарты Ұйымының елдері (НАТО) 1970 жылғы ұйым Кеңесінің Римдегі сессиясында мұндай кеңесуге қатысу үшін бірқатар шарттардың орындалуы жағдайында дайын екенін мәлімдеді, ол шарттар: кеңесуге АҚШ-тың толыққанды қатысуы, Берлиннің құқықтық мәртебесінің расталуы, Еуропадағы ядролық емес қарусыздану мәселелерін талқылау және талқылау мәселелерінің қатарына адам құқықтары саласын енгізу [5].

1970-ші жылдары еуропалық мемлекеттер арасындағы Кеңесуге дайындалуға байланысты негізгі мәселелер бойынша байланыстар тұрақты сипатқа ие болды, еуропалық елдердің басшылары нақты кеңесулер сатысына өтті. Олар бірқатар көпжақты уағдаласуларға қол қойды: Берлин бойынша төрт жақты келісім, күш қолданудан бас тарту және Германия Федеративтік Республикасы, Германия Демократиялық Республикасы, Польша, Чехословакия және Кеңес Одағы арасындағы шекаралардың мызғымастығын мойындау туралы келісім-шарт,

Стратегиялық қаруларды шектеу (СҚШ-1) туралы КСРО мен АҚШ арасында басталған диалог және 1972 жылдың мамыр айындағы Р.Никсон мен Л.И. Брежневтің жоғарғы деңгейдегі кездесуі халықаралық ахуалдағы жағымды өзгерістердің көрсеткіші болды және бір біріне қарсы екі топтың теке-тіресінің жұмсаруының дәлеліне айналды. Көпжақты кеңесулер үдерісін Хельсинкиде бастауға мүмкіндік туындады және мұндай диалог топтық теке-тірес жағдайында (НАТО мен Варшава Келісім-Шарт Ұйымы) еуропалық елдерге қажет болды.

Хельсинки үдерісін бастаған КСРО еді. АҚШ пен Канаданы қатысушылар қатарына қосуды талап еткен Батыс бұл бастамаға келісім берді. П. Кальвокорессидің көрсетуі бойынша орыстардың мақсаты бірде бір бейбіт конференциясында бекітілмеген Еуропадағы соғыстан кейінгі шека-

ралардың жалпы танылуына қол жеткізу және әскери базалар мен әскерлер санын қауіпсіздік мәселесі жағынан талқылау еді. Басында Батыс Кеңесуге мардымсыз көзқарас танытты, бірақ кейін жағдайды пайдаланып, КСРО-ны белгілі бір талаптардың орындалуына көндірейін деді [6, с.100].

1972 жылдың 22 қарашасы күні Хельсинкиде Жалпы еуропалық кеңесуді дайындау мәселелері бойынша 32 еуропалық елдің делегациялары арасында көп жақты жұмыс кеңесулері басталды. Пікір-таластар жарты жылға созылды – 1973 жылдың 8 маусым күніне дейін. Хельсинкидегі көп жақты кеңесулер нәтижесінде Жалпы еуропалық кеңесудің күн тәртібі мен ұйымдық негіздерін дайындалды. Ол үш кезеңге бөлініп өткізілуі тиіс еді және мәселелердің төрт тобын талқылауы тиіс болатын:

- 1) Еуропадағы қауіпсіздікке қатысты мәселелер;
- 2) экономика, ғылым мен техника, қоршаған ортаны қорғау салаларындағы ынтымақтастық мәселелері;
- 3) гуманитарлық және өзге де салалардағы ынтымақтастық, сондай-ақ
- 4) кеңесуді аяқтау бойынша жалпы еуропалық үдерістің дамуындағы келесі қадамдар.

Еуропадағы қауіпсіздік пен ынтымақтастық бойынша Кеңесу өте ұзақ келіссөздер үдерісіне айналды. Оның пленарлық отырыстары көпжақты келіссөздердің үлкен кешеніне ұлғайған көптеген кеңесулермен және жұмыс топтарының мәжілістерімен кезектесіп отырды. Жалпы алғанда Жалпы еуропалық кеңесуді дайындау және өткізуге байланысты келіссөздер үдерісі 1972 жылдың қараша айынан 1975 жылдың қыркүйек айына дейінгі кезеңді алды. Келіссөздердің тым баяу жүруі себептерінің бірі – мұндай ірі келіссөздер жүйесінде осыншама үлкен өлшемде алғаш рет қолданылған ымыраға келу қағидасы еді. Еуропадағы қауіпсіздік пен ынтымақтастық бойынша Кеңесудің (ЕҚЫК) өзі үш кезеңге бөлініп өтті:

1) бірінші кезең (сыртқы істер министрлері деңгейінде) – Хельсинкиде 1973 жылдың 3-7 маусым аралығында;

2) екінші кезең (сарапшылар деңгейінде) – Женевада 1973 жылдың 29 тамыз күнінен – 1975 жылдың 24 мауысым күніне дейін;

3) үшінші кезең (жоғарғы деңгейде) – 1975 жылдың 30 маусым – 1 тамыз аралығында. Оған 33 Еуропа елінің өкілдері қатысты (Албанияны есептемегенде), сондай-ақ АҚШ пен Канада делегаттары.

КСРО мақсаты аумақтық біртұтастықтың кепілдігіне және қалыптасқан шекаралардың танылуына қол жеткізу болды, бұл болса Германия Демократиялық Республикасының, шығыс еуропалық социалистік елдердің халықаралық мәртебесін нығайту және Балтық мемлекеттерінің КСРО құрамына кіруінің ресми танылуы еді. Батыс елдері болса өз назарын адам құқықтарын қамтамасыз ету мәселелеріне аударды, өйткені тап осы тақырып Кеңес Одағының делегациясының ең осал жері еді және батыс елдеріне КСРО-мен екі жақты қатынастарда әдетте қозғалмайтын бірқатар мәселелерді көтеруге мүмкіндік берді.

Тағы да бір қызықтыратын жәй – Жалпы еуропалық кеңесумен қатар 1973 жылдың 30 қазан күнінен бастап Венада НАТО мен Варшава Келісім-Шарты Ұйымы елдерінің арасында Еуропадағы қарулы күштер мен қару-жарақтарды өзара қысқарту туралы келіссөздер басталды.

1. Протопопов А. С., Козьменко В. М., Елманова Н. С. История международных отношений и внешней политики России (1648-2000). Учебник для вузов /Под ред. А. С. Протопопова– М.: Аспект Пресс, 2001.– 344 с.

2. История дипломатии. В 5 томах. 2-е изд., перераб. и доп. —Т. 3. Дипломатия на первом этапе общего кризиса капиталистической системы. - М., 1965.- 831 с.

3. Крылов С.Б. История создания Организации Объединенных Наций: разработка текста Устава Организации Объединенных Наций (1941–1945) / С.Б. Крылов ; под ред. Г.И. Тункина ; Ин-т междунар. отношений. – М. : Изд-во ИМО, 1960. – 343 с.

4. Лукьянов П.Г. История Организации Варшавского договора: монография. - Могилев: МГУ, 2006. - 125 с.

5. Райан С. Хендриксон. Манлио Брозио: строитель консенсуса во времена «холодной войны» // <http://www.nato.int/docu/review/2005/issue1/russian/history.html>

6. Кальвокоресси П. Мировая политика после 1945 года: В 2-х кн. Кн. 1 / Пер. с англ. – М.: Междунар. отношения, 2000. – 592 с.